

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ



**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ
ДЕМАЛЫС БЕРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

ШЫМКЕНТ 2015

Шымкент университетінде білім алушыларға академиялық демалыс беру ережелері. – Шымкент: Шымкент университеті, 2015. – 46.

Осы ережелер Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің 4 желтоқсан 2014ж. № 506 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру Ережелеріне» сәйкес құрастырылған және Шымкент университетінде білім алушыларға академиялық демалыс беруді анықтайды.

Факультет декандарына, студенттерге және магистранттарға арналған.

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінде талқыланып ұсынылған (№ 3 хаттама, 21 қаңтар 2015 жыл).

Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланған және ұсынылған (№ 6 хаттама, 23 қаңтар 2015 жыл).

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Шымкент Университетінде Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін белгілейді.
2. Шымкент университетінде білім алушыларға қатыстылар:
 - студенттер – университетте білім алушылар бакалавриатта жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын игерушілер;
 - магистранттар – университетте білім алушылар, магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын игерушілер.
3. Академиялық демалыс – университетте білім алушылардың денсаулығына байланысты, оның ішінде жүктілігі және бала тууына байланысты, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер қатарына шақырылуына байланысты, сонымен қатар күтілмеген жағдайларға (табиғи апаттар, жер қозғалу, су тасқыны және т.б.) байланысты өз оқуын уақытша тоқтата тұратын кезең.
4. Білім берудің мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушы тұлғаға академиялық демалыс беруде, онда мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуын ары қарай жалғастыру құқығы сақталады, берілген академиялық демалыс кезеңінен кейін қайта басталатын оқуды қаржыландыру тоқтатылады (дәрігерлік – кеңестік комиссиясы қорытындысы негізінде академиялық демалыста болған, грант иегерлеріне стипендия төлеу тәртібімен қарастырылған шығындарды қаржыландырудан басқа).
5. Ақылы негізде білім алушыға академиялық демалыс берілгенде, академиялық демалыс кезеңінде оқуға ақы төлеу тоқтатылады.

2. Академиялық демалыстар беру тәртібі мен мерзімі

6. Білім алушы академиялық демалыста рәсімдеу үшін университет ректорының атына өтініш береді және уақытша оқуын тоқтатуының негіздемесін растайтын құжаттар ұсынады
7. Медициналық көрсеткіштері бойынша білім алушыға академиялық демалыс беруге негіздер:
 - амбулаториялық-емханалық емдеуді ұйымдастыру ұзақтығының 6 айдан 12 айға дейін дәрігерлік – кеңестік комиссиясының қорытындысы болғанда;
 - туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы медициналық мекеме жанындағы Орталық дәрігерлік – кеңестік комиссияның қорытындысы.

Сонымен қатар білім алушыға академиялық демалыс төмендегілерге себептерге де негізделіп беріледі:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына әскери қызметті өтеу мерзіміне шақыру туралы шақыру қағаз болғанда;
 - Бала туғанда, бала немесе қыз асырап алғанда, заңнама мен белгіленген жағдайда, 3 жылға дейін;
 - Басқа да заңнамамен алдын ала қарастырылған жағдайда.
8. Ұсынылған құжаттар негізінде, университет ректоры 3 күннің ішінде білім алушыға академиялық демалыс беру туралы, оның басталу мен аяқталу мерзімі көрсетілген бұйрық шығарады.
 9. Университет ректоры білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрықтық көшірмесін Республикалық бюджеттен қаржыландыратын Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігіне сәйкес соманы және осы бағдарламаны қаржыландыруды үйлестіру үшін үш жұмыс күнінде жібереді.
 10. Академиялық демалыстан оралған білім алушы университет ректорының атына өтініш беріп, денсаулығы туралы ДКК-ң осы мамандық бойынша оқуды әрі қарай жалғастыруға болатындығы туралы қорытынды жасалған анықтамасын ұсынады (білім алушы денсаулығына байланысты академиялық демалыста болған жағдайда).
 11. Факультет деканы ұсынылған құжаттар негізінде, салыстырмалы ведомость жасау жолымен оқу жұмыс жоспарларындағы пән айырмашылығын анықтайды және игерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы анықтайды, білім беру бағдарламасына сәйкес игерілген кредиттерді білім беру бағдарламасына сәйкес қайта есептейді және офис-тіркеушімен келісілген білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.
 12. Ұсынылған құжаттар негізінде университет ректоры, үш оқу күнінің ішінде білім алушының академиялық демалыстан оралғандығы туралы мамандығын, курсы және тобын көрсетіп, бұйрық шығарады.
 13. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушы академиялық демалыстан оралғанда, осы бұйрықтың көшірмесі үш жұмыс күнінің ішінде сәйкес сомамен берілген бағдарламаны қаржыландыру мерзімін қаржыландыру үшін ҚР БҒМ жіберіледі.
 14. Академиялық демалыстан оралу немесе академиялық демалысқа кету мерзімі академиялық кезеңнің басталуы мен аяқталуына сәйкес келмеген жағдайда білім алушы жеке график бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындап, рейтингке жіберу үшін қажетті балдарда жинайды, немесе жазғы семестрге пән айырмашылығы болған пәндерге жазылады.
 15. Пән айырмашылықтарын жою үшін, білім алушы өзінің оқу сабақтарымен қатар, академиялық кезең барысында сол пәндердің оқу жұмыс жоспарымен қарастырылған оқу түрлерінің барлық түріне қатысады, ағымдағы және шептік бақылаудың барлық түрін тапсырады, кіру рұқсатын алады және академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылау тапсырады.